

**Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 17 наурыздағы № 90 "Ұзынкөл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзелу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 4 маусымдағы № 208 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 15 маусымда № 7859 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына, 50-бабының 2-тармағына сәйкес Ұзынкөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың 2017 жылғы 17 наурыздағы № 90 "Ұзынкөл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзелу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6992 тіркелген, 2017 жылдың 17 сәуірінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс сессияның төрағасы*

*И. Горбатенков*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*А. Бараншина*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

"Ұзынкөл ауданының тұрғын  
үй-коммуналдық шаруашылық,  
жолаушылар көлігі және автомобиль  
жолдары бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Р. Сабитов

2018 жылғы "4" маусым